



MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 1-2 (466)

19/01/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады



СУРЕТ AKORDA.KZ САЙТЫНАН АЛЫНҒАН

Бүгінгі сәндә:



«ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВО
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮ

2

«Мұнайлы мекен»
газетіне ребрендинг
жасалды



3

Жаңа нысан
пайдалануға берілді



5

«ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ
Басқарма Төрағасының
Жолдауы.
Біздің қауіпсіздікке
бағытталған жолымыз

«ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ»

Қаңтардың 10-ы күні
Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы
жарияланды.

Елбасының Қазақстан халқына биылғы
Жолдауы елімізді Төртінші өнеркәсіптік
революция жағдайында дамытуға арналған.
Президент алда жүзеге асыратын 10
негізгі міндетті атады. Жолдауға қатысты
мәлімдемесінде олардың мәнін қысқаша
мазмұндап берді.

Бірінші

Қазақстан индустриясы жаңа технологияларды
енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс.
Біздің өнеркәсібімізге еңбек өнімділігінің
деңгейін өндірістік процестерді цифрландыру
және заманауи бизнес-модельдерді меңгеру
арқылы арттыру керек.

Екінші

Ресурстық әлеуетті пайдаланудың тиімділігін
айтарлықтай жақсартқан жөн.
Ақпараттық-технологиялық шешімдерді
енгізу талап етіледі.

Олар алынатын ресурстардың үлесін,
оларды қайта өңдеудің ауқымын ұлғайтуға,
сондай-ақ өндірістің энергия тиімділігі мен
экологиялықлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Үшінші

Агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық
деңгейге көтеру керек.

Бұл ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі
мен өңделген өнім экспортын түбегейлі
арттыруға тиіс.

Төртінші

Транспорт пен логистикалық инфра-
құрылымды одан әрі дамыта беру.

Цифрлық технологияларды енгізу мен Ин-
теллектуалды транспорт жүйесін құру жүк

тасымалдау мерзімдерін қысқартуға және
транзиттен түсетін табыстарды еселеуге
мүмкіндік береді.

Бесінші

Құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығында заманауи технологияларды
қолдану.

Құрылыстың жаңа тәсілдері, ғимараттардың
энергия тиімділігіне талаптардың
арттырылуы, инфрақұрылымдарды
басқарудың интеллектуалдық жүйелері
қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға
мүмкіндік береді.

Алтыншы

Қаржы секторын «қайта жаңғырту».
Банк жүйесін сауықтыру шаралары
бақылауды күшейтумен қоса жүруі және
қарапайым азаматтардың мүддесін ескеруі
тиіс.

Банк иелері мен оларды басқаратындардың
жауапкершілігін айтарлықтай арттыру қажет.
Несиелендіруді кеңейту және қор
нарықтарын дамытуды қамтамасыз ету талап
етіледі.

Жетінші

Адами капиталдың жаңа сапасы.
Білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман
шындығы мен экономика сұраныстарына
жауап беруі тиіс.

Бұл арада мұғалім мамандығының беделін
арттыру керек.

Денсаулық сақтау саласында жаңа тех-
нологияларды қолдану аурулардың алдын
алу мен емдеуді айтарлықтай жақсартып,
медициналық қызмет көрсетулердің сапасын
жоғарылатуы тиіс.

2016-2017 жылдары әлеуметтік төлемдер үш
рет арттырылды.

Оның ішінде базалық зейнетақылар
29%-ға, ынтымақты зейнетақылар 32%-ға,
денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің

еңбекақылары 28%-ға дейін, білім беру саласы
қызметкерлерінің еңбекақылары 29%-ға дейін,
мемлекеттік қызметшілердің еңбекақылары
30%-ға ұлғайтылды.

Бұл үрдіс жалғастырылатын болады.

Үстіміздегі жылы әлеуметтік салаға деген
бюджет шығындары 12%-ға арттырылып, 4
триллион теңгеден асып түседі.

Базалық зейнетақы жұмыс өтілі ескеріле
отырып, орташа есеппен 1,8 есе көбейеді.

Оқу бағдарламаларының жаңартылған
мазмұны аясында оқудан өткен мұғалімдердің
лауазымдық жалақысы біліктілігін дәлелдеуіне
байланысты 30-дан 50%-ға дейін өсетін бо-
лады.

Сегізінші

Бұл – тиімді мемлекеттік басқару.

Цифрлық технологиялар бизнесті реттеуге
қатысуды әрі қарай азайтуды жалғастыруға,
мемлекеттік қызмет көрсетулер мен
мемлекеттік қолдау сапасын жақсартуға,
азаматтар сұранысын толығырақ ескеруге
мүмкіндік береді.

Өңірлердің экономикалық еркіндігі мен
жергілікті өзін-өзі басқаруы кеңейтілетін
болады.

Тоғызыншы

Заң үстемдігі мен жемқорлықпен күрес
мемлекеттік саясаттың басым бағыттары бо-
лып қала береді.

Оныншы

«Смарт сити» технологияларын енгізу өсіп
келе жатқан қалалардың проблемаларын
тиімді шешуге мүмкіндік беріп, олардың ин-
весторлар үшін тартымдылығын арттырады.
Бүгінде баршамызға осы он міндетті шешу
жолында жұдырықтай жұмылу қажет.

Олар Жолдаудың толық мәтінінде егжей-
тегжейлі мазмұндалған.

Жолдаудың толық мәтінін www.akorda.kz
сайтынан оқи аласыздар.



«Мұнайлы мекен» газетіне ребрендинг жасалды

2005 жыл

2009 жыл

2012 жыл

2017 жыл

2018 жыл



Құрметті оқырмандар!

Жаңа жылда Сіздермен қауышып отырғанымызға қуаныштымыз. «Мұнайлы мекен» газетінің 2018 жылдағы алғашқы саны жаңа форматта жарыққа шықты. Оқырманға мазмұнды және көрнекілік жағынан тартымды басылым ұсыну – басты мақсатымыздың бірі. Биылғы жылы корпоративтік газетке ребрендинг жасалды. Бұл жолғы ерекшелік – газет атауы латын графикасымен жазылды. Өздеріңізге белгілі, елімізде қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшіру туралы 2017

жылдың 26 қазанында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Қазақстан Республикасының Үкіметіне қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз ету және тағы басқа шаралар қабылдау жүктелген болатын. Елбасының өткен жылдың сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» мақаласында «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның,

сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деп атап көрсетілді. Міне, осылайша, мұнайшылар басылымы да уақыт ағымымен үндесіп, жаңа форматта оқырманға жол тартты. Сіздермен бөлісетін тағы бір жаңалығымыз – «Мұнайлы мекен» газетінің ребрендинг шеңберінде басылымның жеке QR-коды (штрих-кодты) жасалды. QR-кодты пайдалану үшін мобильді құрылғыңызға (смартфон немесе планшетке) интернеттен арнайы бағдарламаны жүктеп алу қажет.

Бағдарламаны іске қосып, штрих-кодты сканерлеу арқылы газеттің онлайн нұсқасын оқи аласыз. Газетті одан әрі жақсартуға қатысты ой-пікірлеріңізді Zh.Temirgali@kmgpr.kz электрондық адресіне жолдауларыңызға болады. **Хабарласыңыз, оқырман! Сіздердің ой-пікір, ұсыныстарыңыз біз үшін маңызды!**



2017 ЖЫЛДЫҢ МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ОРЫНДАЛУЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ

2 840 000 тонна

2 840 015 тонна

«Өзенмұнайгаз» АҚ

5 820 100 тонна

5 480 105 тонна

«Қазгермұнай» БК» ЖШС

1 385 013 тонна

1 400 002 тонна

«Қаражанбасмұнай» АҚ

1 069 008 тонна

1 070 559 тонна

«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ

1 075 134 тонна

1 076 738 тонна

Газ конденсаты:

«ҚазГӨЗ» ЖШС

7 461

8 149

2018 ЖЫЛЫ ЕМБІДЕ МҰНАЙ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ ӨСЕДІ



«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде басқару аппаратының басшылық құрамы қатысқан аппарат жиналысы өтіп, онда 2017 жылдың қорытындысы мен 2018 жылдың міндеттері талқыланды. Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков атап өткендей, 2017 жылға қойылған 24 міндет 85%-ға орындалды. Қалған міндеттер белгілі объективті себептермен орындалмады. Соның ішінде, жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттардың алынбауы да себеп болды. «2018 жыл Ембі үшін күрделі кезең болмақ, себебі, Компания алғаш рет мұнай өндіру көлемін 55 мың тоннаға өсіруді жоспарлап отыр. Бұл міндет басқару аппараты мен құрылымдық бөлімшелердің ұжымдарынан алға қойған міндеттерді, жоспарланған өнім өндіру көрсеткішін орындауда тиімді әрі бірігіп еңбек етуді талап етеді», – деп атап өтті Ә.Жақсыбеков. Компания басшысы ұжым алдында 2018 жылы 32 міндетті орындау мақсаты тұрғанын айтып, соларды орындауды тапсырды, соның ішінде:

- 3577 келісімшарты бойынша IV тоқсанда ұңғымаларды терең бұрғылауды бастау;
- HCB -3 және озық HCB 1011 ұңғымаларды бұрғылауды бастау;
- Ембі-5 алаңында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге келісім құжаттарын алу;
- Инвестициялық комитетте газпоршен стансасы жобасын қарау және іске қосу жұмыстарын жылдамдату;
- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Забурын кен алаңындағы полимерлік сулану жобасы бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- АҚ бойынша өндірістік құрылымдық бөлімшелерде геологиялық-техникалық шараларды орындауға бақылауды күшейту;
- Бекітілген бағдарлама аясындағы сандық кен алаңы мен Басқарудың интеграцияланған жүйесі қондырғысы бойынша жұмысты жалғастыру;
- 2019-2022 жылдар аралығындағы күрделі құрылыс бойынша жобалық құжаттарды бірегейлендіру;
- Техникалық қамту және жабдықтарды өңдеу (ТОРО), материалдық-техникалық қамту барысын оңтайландыру (МТО) жобалары бойынша жұмыстарды өндірістік құрылымдық бөлімшелерде жүзеге асыру;
- Жерасты суын өңдеу және пайдаға жарату бойынша өндірістік-тәжірибелік зерттеу жұмыстарын бастау;
- Өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі әлеуметтік нысандарды жаңғырту мен жұмысшылардың еңбек ету жағдайын жақсарту;
- Еңбек қорғау және өндірістік қауіпсіздік бойынша шаралардың тиімділігін арттыру;
- Көлікпен қамту үдерісінің жекелеген есеп және қамту жүйесін оңтайландыру жобасын енгізу;
- Жергілікті жерлерде тәртіпті күшейту және тағы да басқа міндеттерді жүзеге асыру көзделеді.



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында көптен бері шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасының өндірістік базасының құрылысы бітіп, пайдалануға берілді.

Қазіргі таңда, басқармада 328 қызметкер жұмыс жасайды. Осы уақытқа дейін әр жерде орналасқан басқарманың 5 цехы мен 2 учаскесі жаңа нысанға көшіп, жұмыстарын бастап кетті.

Өзен кенорны үшін маңызды нысан болып саналатын аталмыш базаның ашылуына Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов қатысты. «Елбасымыз күні кеше Қазақстан халқына жасаған кезекті Жолдауында мемлекетіміздің әлемдегі озық 30 елдің қатарына ену үшін маңызды салалардың бәріне жаппай озық технологияларды енгізу қажет екендігін айтқан болатын.

ЖАҢА НЫСАН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Өзенмұнайгаздықтардың Жаңа жылды жаңа технологиялармен жабдықталған жаңа нысанмен бастағаны – мұнайшылардың Елбасымызды сөзімен ғана емес ісімен де қолдағаны деп түсінгеніміз жөн. Бүкіл әлем озық техно-

логияларды меңгеріп жатқанда, қазақ елінің бұдан шет қалатын жөні жоқ», – деді облыс басшысы. Салтанатты жиынға қонақ ретінде шақырылған мұнай саласында өз қолтаңбасын қалдырған ардагер-мұнайшы Болатбай

Қарамұрзаев құттықтау сөз сөйлеп, өздері жұмыс жасаған кезең мен қазіргі жағдайдың айырмашылығының жер мен көктей екендігін тілге тиек етті. Нысанның символикалық кілтін мердігер «SM TRADE CONSTRUCTION» ЖШС бас директоры Алексей Докучаев МӨҚЖТҚЖБ директоры Нұрлан Көшкімбаевқа салтанатты түрде тапсырды. Жаңа нысанның лентасын «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов пен ардагер-мұнайшы Болатбай Қарамұрзаев қиды.



ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ҰЛЫ МАҚСАТ – ОЗЫҚ ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ЕНУ



Дархан ДОСАЛИЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірісті автоматтандыру бөлімінің бастығы:

– «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын биылғы Жолдауында Президент егеменді ел өркендеуінің басты бағыты ретінде цифрландыру мәселесіне ерекше тоқталды. Әлемнің алпауыт мемлекеттері жаңғырудың жаңа сатыларын бағындырған тұста Қазақстан да көшбасшылар қатарынан табылу үшін барлық салаға озық технологияларды енгізуі керек. Өйткені, уақыт өткен сайын заман талабының өзгеріп, жаңарып отыруы табиғи құбылыс.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Қайнармұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасының «Уаз» кен орнында цифрландыру жобасы осыдан бірер жыл бұрын қолға алынып, бүгінде толыққанды жұмыс атқаруда. «Уаз» интеллектуалды кен орны концепциясы» пилотты жобасын енгізу қазіргі заманғы озық технологияларды өндіріске енгізу бағытындағы ұтымды шешім болды. Жоба технологиялық процестерді автоматтандыру және нысандарды қашықтықтан басқару есебінен қызмет көрсетуші персоналға қауіпсіздік тұрғысында тиімді болып саналады. Ұңғымаларды қашықтықтан және бір орталықтан басқару болуы мүмкін залал салда-

рынан құтылуға ықпал етеді. Электр энергиясын үнемдеуде де аталған бастама көп септігін тигізіп отыр, әсіресе, тербелмелі станоктарды интеллектуалды басқару сапында. Мұнай өндіру өнімділігі де артады. Бұл цифрландыру жобасының тиімділігін көрсетіп отыр. Жолдауда сондай-ақ, индустрияны жаңғырту мен цифрландыру, агроөнеркәсіп кешені мен көлік-логистика инфрақұрылымына да ерекше назар аударылды. Осы орайда Мемлекет басшысы «сандық дәуір» дендеген шақта адами ресурстың жұмыссыз қалмауын ескертті.



Қуаныш БЕКМАҒАНБЕТОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ, Бюджеттеу және экономикалық талдау департаментінің директоры:

– Елбасының Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» – нан мұқият оқып шықтым. Президент әлемдегі озық елдер қатарына ену үшін қазақ елінің алдына 10 мүмкіндікті тізіп шығады. Соның ішінде маған ерекше ұнағаны Президенттің адами капиталға баса мән беруі еді. Қазір білім мен біліктің заманы. «Білімді туған жақсылар. Аз да болса, көппен тең» – демеуші ме еді Ақтамберді жырау. «Қазақстан болашағына қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Білімді ұлт қана бәсекелестікке төтеп беретін сапалы ұлт қатарына енеді», – дейді ұлт көшбасшысы.



Фибатолла ШАНАЕВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысының өндіріс жөніндегі (Прорва бойынша) орынбасары:

– Жолдауда Елбасы: «Еліміз индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиістігін, кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу қажет... Цифрлық және басқа да инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің өз экокүйесін дамытуы аса маңызды мәселеге айналып келеді» – деп атап өтті. Бүгінде өнім өндіруші кәсіпорындарда жаңа жобалар қолға алынып келеді. «Ембімұнайгаз» АҚ Прорва кенішінде былтыр жаңа зауыт – газды кешенді дайындау Қондырғысы іске қосылды. Әлемде осындай 166 газды дайындау қондырғысы бар екен. Соның ішінде аталған жоба Қазақстанда тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр. Қондырғы Прорва тобы кен орындарындағы (С.Нұржанов, Батыс Прорва, Ақтөбе, Досмұхамбетов) ілеспе мұнай газын кәдеге жаратуға арналған. Қуаттылығы жылына 150 млн. м³ қондырғының ерекшелігі сол, Қазақстанда алғаш рет күкірт алу үшін MERICHEM фирмасының LO-CAT патенттелген технологиясы қолданылып отыр. Аталған технология экологиялық зиянсыз, улағыш

химикаттары жоқ және зиянды әсері бар қалдықтарды шығармайды, күкіртсутегін жоюдың тиімділігі жоғарылығын қамтамасыз етеді. Газды дайындаудың барысы толық ароматталған және өндіріс кезінде апатты жағдайларға қарсы бірнеше қорғаныс түрлерін қарастырады. Қондырғыда тауарлы газ, тауарлы түйіршіктелген күкірт, тұрақты газ конденсаты өндіріледі. Жолдауда айтылғандай, экологиялық мәселе де шешіліп, өндірісте алауды жағу тоқтатылады. Қондырғыда Компанияның жүзге жуық жұмысшысы тұрақты еңбек етеді.



Берік БЕКТҰРБАЕВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №24 МГӨБ, №24 ТҚ операторы:

– Жолдауды оқыдым. Ұнады. Елбасымыз мемлекетті дамыту үшін жаппай кәсіпкерлікті дамытуды қолға алуымыз керек екендігін айтады. Маңдай тер мен ақ адал еңбегіңнің арқасында көңілін сүйетін кәсібіңнен табыс табу, баю дегеніңіздің мұраты ұрпағыңның, еліңнің, ұлтыңның игілігін молайту емес пе? Жолдауда, сондай-ақ, ұлттық сананы жаңғырту мәселесі көтерілген. Президенттің «Ақылды үйлерден» тұратын «ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін арналып салынады-деген сөзі көңілге қонымды-ақ. Сонымен бірге, халық денсаулығын жақсарту үшін медицина саласын жетілдіру-күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің маңыздысы екендігіне шүбә жоқ.



ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ – ҚАУІПСІЗДІК ӨЗІҢІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ!

Құрметті мұнайшылар, оқырмандар! 2018 жылдағы газетіміздің алғашқы санында еңбек, техника қауіпсіздігі және өндірістік тәртіп тақырыбына арналған мақаланы ұсынып отырмыз. Сіздерді өндірісте барлық қауіпсіздік талаптарын бұлжытпай орындауға және оны әрдайым көңілде, назарда ұстауға шақырамыз. Әрқайсыңыздың ешқандай жарақат алмай жұмыстан соң шаңырақтарыңызға аман-сау оралуларыңыз отбасыңыз, балаларыңыз және компания үшін де аса қымбат!

Өкінішке қарай, өндірісте жарақат алу мәселесі әлі де өзекті болып тұр. 2017 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ БӨ өндірістік нысандарында еңбек қызметімен байланысты 25 өндірістік жазатайым оқиға болып, оның

салдарынан 26 жұмысшы зардап шекті. Оның 2-уі адам өліміне әкеліп соқтырды. Олардың әрқайсысы бойынша тексеру жұмыстары жүргізіліп, алдағы уақытта мұндай оқиғаларды болдырмау, алдын алу бойынша шаралар қабылданды.

Дегенмен, жүргізілген саясаттың және іс-шаралардың арқасында, соңғы 3 жылмен салыстырғанда 2017 жылы өндірістік жарақаттар деңгейінің төмендегені байқалады.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАР:

Өндірістік жарақаттардың ауырлығы бойынша	2015	2016	2017	барлығы
Адам өлімі	2	2	2	6
Ауыр	14	12	6	32
Жеңіл	29	17	17	63
Барлық оқиғалар	45	31	25	101

2017 жылы болған өндірістік жарақат оқиғаларына жүргізілген талдау олардың негізінен жұмысшылардың өз қателіктерінен болғанын көрсетеді.

Яғни, зардап шегушінің өзінің өрескел абайсыздығын, техника қауіпсіздігі ережесін, еңбек және өндірістік тәртіпті сақтамауы және жауапты қызметкерлердің тарапы-

нан өндірістік жұмыстың тиісті деңгейде ұйымдастырылмауы, өндірістік қызметке жеткілікті деңгейде бақылаудың болмағанын көрсетеді.



АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРМЕН ҚАТАР ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ТӨМЕНДЕГІ ҰСЫНЫМДАРДЫ ҮНЕМІ ОРЫНДАУҒА ТИІСПІЗ:

- Өзіңізге тапсырылған жұмысты ғана орындау!
- Егер Сіздің қауіпсіздігіңізге қатер төніп тұрса, жұмысты тоқтатуға құқығыңыз бар!
- Қауіп бар жағдайда ол туралы басшыға әрдайым хабарлау қажет!
- Техника қауіпсіздігі бойынша белгілегеннен барлық талаптарды орындау!
- Егер әріптесіңіздің әрекетінен техника қауіпсіздігін бұзу жағдайын көрсеңіз, оның жұмысын дер кезінде тоқтату керек!
- Өз кәсібіңіз және атқаратын жұмысыңыз бойынша нұсқаулықтармен мұқият танысыңыз, соның ішінде ережеде көрсетілген тыйым салынған әрекеттерді міндетті түрде есте сақтаңыз!
- Асығыстықтан аулақ болыңыз, қате әрекеттердің алдын аласыз!
- Әрдайым қауіпсіздік белдігін тағыңыз, көлік жүргізіп келе жатып мобильдік телефонды қолданбаңыз, жылдамдықты асырмаңыз, жолда белгіленген жерден ғана өтіңіз.




«АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРДІ» САҚТАМАУ САЛДАРЫНАН БОЛҒАН ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАР:



0

Жұмысқа дайын болу



0

Қауіпті жұмыс атқаруға рұқсат алу



1

Энергия көздерін оқшаулау



4

Биіктікте жұмыс жасау



2

Көлікті жүргізу қауіпсіздігі



0

Тұйық кеңістікте жұмыс жасау



12

Қозғалатын және қысым үстіндегі жабдықтар



0

Жүк көтеру жұмыстары



6

Техника қауіпсіздігі бойынша басқа да ережелерді сақтамау

Біздің негізгі міндетіміз – мұнай өндіру жоспарын орындау. Бірақ оны өміріңе қауіп төндіріп, денсаулығыңа зиян келтіріп орындау туралы міндет тұрған жоқ!

Біз өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері әрдайым бірінші кезекте екенін түсінуге тиіспіз.

2012–2017 жылдар аралығында 14 адам өлімімен аяқталған өндірістік жазатайым оқиғалар болды. Соңғы 6 жылда адам өлімімен аяқталған осындай жазатайым оқиғалар салдарынан 35 бала жетім қалды және олардың отбасылары асыраушыларынан айырылды.

Соңғы бірнеше жыл көлемінде еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласын басқару жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Бұл саланың басымдылығы ескеріліп, құрылымдық өзгерістер енгізілді. Осы бағыттағы жұмыстарды күшейту үшін ҚМГ БӨ барлық еншілес ұйымдарында кезеңмен техника қауіпсіздігі мамандарының

санын ұлғайту, кәсіби біліктілікті нығайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте қызметкерлер халықаралық тәжірибеден өтіп, білім алып, Миланда Эни ірі халықаралық компаниясының өндірістік нысандарында өз біліктіліктерін шыңдады. Осы жұмыстардың барлығы техника қауіпсіздігі бойынша мамандардың деңгейін көтеруге және оларға тиісінше өкілеттік беруге мүмкіндік берді. Бұл өндіріске бақылауды күшейтуге ықпал етеді. Дегенмен, өндірістік жарақаттарды болдырмау, алдын алу бағытында әлі көп жұмыстар істеуіміз керек. Біздің мақсатымыз өндірістік жарақатты мүлдем болдырмау. Оған қол жеткізе аламыз.

ҚМГ БӨ компаниялар тобының барлық қызметкерлері және мердігер мекемелердің жұмысшылары өзінің және маңайындағы адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапты. Барлық қызметкерлер еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі мәселелеріне деген талаптарды бұлжытпай орындауды жұмыс кезінде ғана емес, әрдайым өзінің жеке ісімен үлгі болуы керек.

Мысалы, жұмыс уақыты кезінде басқа бір адам тарапынан қандай да бір қауіпсіздік талабын бұзушылықты көрсеңіз, Сіз ол адамға

ескерту жасауға тиіссіз. Осылайша, Сіз қауіптің алдын алуға септік етесіз. Жұмыс уақытынан тыс кезде де болмаса да әрқайсымыз осылай істеуге үйренуіміз керек.

Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірі еңбек заңдарында басымдылық ретінде көрсетілген. Егер өміріңіз бен денсаулығыңызға қауіп келетін болса қорғану қажет. Еңбек ету кезінде жұмысшының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда ол жұмысты орындаудан бас тартуға әрбір қызметкердің құқығы бар.

ҚМГ БӨ негізгі қағидаттарының бірі жұмыс орнында салауатты өмірді қолдау, сондай-ақ атқарылатын жұмыстан қызметкер денсаулығына теріс әсердің болмауын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы қағидаттарды үнемі сақтау үшін біз бірінші кезекте Алтын ережелерді басшылыққа алуға тиіспіз. Алтын ережелер – бұл өндірістік қауіп-қатердің алдын алу үшін барлығымызға қажет қарапайым, түсінікті қағидаттар. Егер біз табысты дамығымыз келсе, өндірістік жарақаттардың алдын алып, бұл ережелерді әрдайым бұлжытпай орындауға тиіспіз.

Көптеген қызметкерлер өзінің мамандығы немесе атқаратын жұмысы бойынша дайындалған нұсқаулықты оқымайды және жұмысты өздері дағдыланған жағдаймен орындайды. Сондықтан да нұсқаулықты оқып, сол бойынша әрекет ету керек.

Барлығында емес әрине, бірақ көпшілік жағдайда жұмысшылар арасында кездесетін келеңсіз жайттар бар. Бұл жұмыс кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамау, немқұрайлылық, асығыстық және бір керек емес «батырлық» пен «менмендік» көрсету әрекеттері. Оған дәлел өткен жылдарда өндірісте жұмыскерлер әртүрлі жарақат алған, қаза болған жағдайлар. Осындай келеңсіз әрекеттердің салдарынан қаза болғандардың соңында олардың қаншама балалары жетім қалды немесе өздерінің денсаулықтарына айтарлықтай нұқсан келтірілді. Егер де өзімізді тежеп, ойланып, сақтанып шешім қабылдасақ, осылардың барлығын болдырмауға болар еді. Кей кезде біле, қауіпті сезіне тұрып дұрыс емес іс қимыл жасаймыз.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»ҰК АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ БІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОЛЫМЫЗ

Жаңа еңбек жылын бастай отырып, ҚазМұнайГаз компаниясы тобының (бұдан әрі – ҚМГ) әрбір жұмыскері қауіпсіздік пен сенімділіктің неғұрлым жоғарғы деңгейіне жету үшін жұмыс орындарындағы апатты оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауды жетілдіру үшін қосқан үлесін бағалау қажет.

ҚазМұнайГаз компаниясы және мердігер ұйымдарының жұмыскерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығын жақсартуға, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатына ұмтылу ҚазМұнайГаздың бизнестегі ұзақ мерзімді табыстылығының негізі болып табылады.

Біз өзіміздің негізгі құндылықтарымызға ортақтасатын, сондай-ақ тұтастылық пен мінсіздікке талпынысымызды қолдайтын ҚазМұнайГаздың барлық қызметкерлерін қатыстыра отырып, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау мәдениетін дамытуға ұмтыламыз. Осы мақсатқа жету үшін бізге Сіздердің жеке мүдделеріңіз бен қолдауларыңыз қажет.

Қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәдениеті әрқашан көшбасшыдан басталады. Жетекшілер басқа жұмыскерлерге өз әрекеттерімен үлгі болады, ал бұл өз кезегінде мәдениетті қалыптастырады. Сондай-ақ, жетекшілер талаптарды белгілеп, құрылым жасап, басқаларды оқытып және жұмыскерлерге нәтиже үшін жауапты болуды үйрете отырып, мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай қауіпсіздік мәдениеті ҚазМұнайГаздағы басқарудың әрбір деңгейінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Ол үнемі нығайып, жетілдірілуі керек, қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәселелері басқа басымдықтарға қарағанда жоғары болуы тиіс.

Біздің басты мақсатымыз – ҚазМұнайГаз бен мердігер ұйымдары жұмыскерлерінің күн сайын үйлеріне аман-есен қайтуы үшін жағдай жасау.

Біз ортақ басты мақсатымыз – ЗИЯН-СЫЗ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА қол жеткізу үшін қашанда еңбектенетін боламыз.

Қауіпсіздік мәдениетінің ұғымы жұмыскердің нормативтік талаптарды сақтаумен қатар, жұмыстың қауіпсіз орындалуы үшін өз жауапкершілігін түсінуді қамтиды.

Біздің қазіргі кезеңдегі міндетіміз ресми қауіпсіздік процедураларын сақтауды ғана



емес, сонымен қатар ҚазМұнайГаздың әр жұмыскерін оларды жетілдіруге ынталандыру болып табылады.

Сондықтан қауіпсіздікті және еңбекті қорғау мәселелеріндегі көшбасшылық тек қана жоғары және орта буын басшыларынан ғана емес, сондай-ақ барлық қол жетімді байланыс құралдары пайдаланылып, ҚазМұнайГаз қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдарынан бастау алуы тиіс.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәдениетін дамыту – бұл үздіксіз жетілдіруге бағытталған ұзақ процесс.

Қауіпсіздік мәселесінде тым асыра менмендік пен өз-өзіне сенушілікке жол жоқ.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау процестерін үнемі жетілдіріп отыру жұмыскерлерді тәртіпке баулиды және зейінді болуға үйретеді, бұл қойылған мақсатқа жету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға жол ашады.

Әрине, әлемдегі ешқандай мұнай-газ компаниясы, оның ішінде ҚазМұнайГаз да осы салада толық табысқа қол жеткіздік деп айта алмайды.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен барлық жұмыскерлерге өз ісіне берілгендігі, тұрақты және тиімді компания – ҚазМұнайГаз болашағына баға жетпес үлес қосқаны үшін алғыс айтамын, сондай-ақ Сіздерге және отбасыларыңызға қауіпсіз жұмыс және 2018 жылда сәттілік тілеймін.

*Құрметпен,
Сауат Мыңбаев*



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехы заманауи технологиялармен жабдықталған бірегей цех болып саналады. Жерасты жабдықтарын кешенді түрде жөндеуден өткізетін цех компанияның ірі жетістігі. Жаңа технологиямен жабдықталған цех техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, жұмыскерлерге қолайлы еңбек жағдайын тудырып, экологиялық талаптарды орындаудың озық үлгісін көрсетіп келеді. Сонымен бірге өндірісте қолданатын жерасты жабдықтары – сораптық компрессорлық құбыр, штангалық тереңдік сорап және сораптық шыбықтарды жөндеу жұмыстары арқылы ұзақ пайдалана отырып, жылдық сатып алудағы бюджеттік шығынды азайтуға қол жеткізілді. Цехта жуу қондырғысынан бастап тізбектегі қондырғыларға дейін түгел автоматтандырылған жүйеге қосылған. Мұндағы жасалынып жатқан жұмыс орталық диспетчерлік пункт арқылы басқарылып отырады. Бұл күрделі процестер электроншы инженер мамандар қадағалауында болады. Мамандар жаңа технологиялармен жұмыс жасайтын болғандықтан, үнемі алыс-жақын шетелдерге жіберіліп, білімдерін жетілдіріп, арнайы курстардан өтіп тұрады. Бұл цехты мұнай саласында 20 жылға жуық абыройлы еңбек етіп жүрген Нұрболат Қарабаев басқарып отыр.

«Цехтағы мамандардың көбісі – жастар. Жастың аты жас қой. Олар жаңа технологияны меңгеруге бейім», – дейді Нұрболат Қалдыбайұлы.

Цех бастығы жаңа технологияларға мұнай құрамындағы парафиннің, сондай-ақ, тұздану мен қақ жиналу факторларының да өзіндік кері әсері бар екендігін айтады. Осыған байланысты, басшылық тарапынан сораптық компрессорлық құбыр, штангалық тереңдік

сорап және сораптық шыбықтарды жоғарғы қысымды сумен тазалау қондырғыларын орналастыру жұмыстарының қолға алынып жатқанын тілге тиек етті.

«Жақын арада пайдалануға берілген жерасты жабдықтарын парафиннен тазарту және жөндеуге дайындау бөлімшесі іске қосылды. Ол бөлімшеге №1,3 Мұнай-газ өндіру басқармаларының Скважиналарды жерасты жөндеу цехынан ЖАЖ бригадаларына қызмет көрсететін дайындау операторлары, жүк ілдірушілер, барлығы 120 жұмысшы қосылғалы отыр. Цех барлығы 390 адаммен өндіріске қызмет жасауға дайын.

Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехындағы 2017 жылдың жаңалығы – жуу ваннасының іске қосылуы деп айтар едік. Жаңа орталық 2017 жылдың тамызында қолданысқа берілді. Орталықта 2 ванна орналасқан. Олардың әрқайсысында 2 камера бар. Камералар 45 минут сайын жерасты жабдықтарын жөндеу бригадаларынан келген 70 құбырды жуып шығарады. Яғни, бұл жерден тәулігіне 1200 сораптық компрессорлық құбыр және 1000 сораптық шыбықтар жуылып-шайылып, өндіріске жөнелтіледі. Цех басшысының орынбасары Дәурен Ізімов ванна жаңа техникалардың күшімен жұмыс өнімділігінің 2 есеге артқанын алға тартты.




4-бемме

Барлығымыз өндірісте жүргенде, үйдегі отбасымыз, бала-шағамыз аман есен келсе екен деген тілекпен отырады. Сол себептен болмашы нәрседен қателік жіберіп, өз денсаулығыңызға зиян келтірмеу үшін жұмыс уақытында жоғарыда келтірілген талаптарды, басқа да қауіпсіздік ережелеріне жауапкершілікпен қарап, оларды қатаң сақтап жүруді әдетке айналдырайық.

Есте сақтаңыз – Қауіпсіздік өзіңіз үшін маңызды! Балаңыз жетім, жарыңыз жесір, ата-анаңыз, бауырларыңыз қайғы жұтып, өмір бойы өкініште жүрмеуін ойлаңыз. 2018 жылы бәріміздің басымыз аман, бауырымыз бүтін, төңірегіміз түгел болсын. Ол үшін барлық қауіпсіздік талаптарын бұлжытпай орындайық!

Мақала ҚМГ БӨ Қауіпсіздік техникасы, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау департаментінің материалдары негізінде дайындалды.



КӨРНЕКІЛІК СӨРЕТ





МАҚСАТЫМЫЗ — МҰНАЙШЫЛАР МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

Жұмыс беруші мен жұмысшылар арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыруда кәсіподақ ұйымдарының рөлі айрықша. Ел экономикасына елеулі үлес қосып отырған мұнайшылар мүддесін қорғау жұмысы қалай атқарылуда, қоғамдық ұйым не тындырып жатыр? Осы орайда «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасы кәсіподақ ұйымының төрағасы Самат Қабделовты сөзге тартқан едік.

– Самат Қабделұлы, талғам мен талап күшейген қазіргі кезеңде ұйым қандай мәселелерді атқарып отыр?

– Кәсіподақ ұйымы бүгінгі таңда жұмысшы-қызметкерлердің мүддесін қорғайтын бірден-бір қоғамдық ұйым десек қателеспейтін шығармыз. Мыңдаған адамның сенімін иеленіп, сайланып қойылғаннан кейін сол сенімнен шығуға ұмтылу мақсат. Ұйымның айналысатын мәселелері сан-салалы. Қоғамдық ұйым жұмысы тек бір адаммен бітпейді, сайланып қойылған 13 адамнан тұратын комитет бар, 14 цехтық кәсіподақ ұйымы бар. Басқарманың 1011 кәсіподақ мүшесі аталған құрылымдарға біріктірілген. Әу баста біз жұмыста жүйелілік болу үшін кәсіподақ комитетін сайлау арқылы тұрғын-үй, мәдени-көпшілік жұмыстар, асхана жұмыстарын бақылау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі туралы комиссияларға бөліп, олардың әрбірінің тиісті бағыттарын белгілеп берген болатынбыз. Аталған комиссиялар жыл ішінде жұмысшылардың заңды мүдделері, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары, еңбекті қорғау, еңбек заңдылығына байланысты өзекті мәселелердің талқылануына баса назар аударып отырды.

– Жаңа Еңбек Кодексі бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?

– 2016 жылдан бастап күшіне енген жаңа Еңбек кодексі еліміздің демократиялық дамуына сай жұмыс беруші мен жұмысшылардың екі жақты мүдделері жан-жақты қарастырылған, алды-ала талқылаудан өтіп барып қабылданған келелі Заң болып табылады. Әрине, заң жобасын талқылау барысында мұнайшылар арасында алдын-ала таныстыру, талқылау жұмыстарын тиянақтылықпен жүргізуге жұмыстандық. Әрбір цех-учаскелерде болып, түсіндіру барысында жұмысшы-қызметкерлер тарапынан айтылған ұсыныстарды жинақтап, оны салалық жоғары кәсіподақ ұйымдарына жинақтап жіберіп отырдық. Бүгінде кәсіподақ мүшелерінің түсініктері де, сауаттары да жоғары, олар заң жобасы барысында бірнеше ондаған ұсыныс-пікірлерін білдірді. Айтылған ұсыныс-пікірлер жоғары тараптан жан-жақты екішеліп, қаралды.

– 2016 жылдың соңында 2017-2021 жылдарға бекітілген «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымдық шартының негізгі ерекшеліктері қандай?

– Кәсіподақ мүшелері айтқан мәселелердің көпшілігі 2017-2021 жж. арналып қабылданған ұжымдық шартқа енгізілуіне атсалыстық. Жаңадан қабылданатын ұжымдық шарттың жобасын талқылау, түсіндіру бағытында цех, учаскелерде еңбек ұжымдарының жиналыстары өткізілді. Бұл жиындарға 440-тан астам жұмысшы-қызметкер қатысты. Осы маңызды құжаттың жобасын әзірлеуде де елеулі жұмыстар атқарылды. Ұжымдық шартта: еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек тәртібін реттеу, жұмыс уақыты, қызметкерлерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер әлеуметтік салада қызметкерлерге қаралатын материалдық көмектер, сауықтыру, санаторий-курорттық емдеу және олардың тынығуы, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өздері келтірген залал үшін жауаптылығы туралы, т.б. тараптар айқындаған басқа мәселелер бойынша қызметкерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттемелері енгізілді.

– Жұмысшы мүддесін қорғаудағы жасаған жұмыстарыңызға тоқтала кетсеңіз?

– Атқарылған жұмыстардың тек кейбіріне тоқталсақ, емдеу-сауықтыру орындары арқылы емделуге ұсыныс берілген басқарма жұмысшы-қызметкерлеріне «Алатау», «Алтын Қарғалы», «АқЖайық», «Сарыағаш», «Қазақстан КЗ», «Манкент», «Жұмбақтас», «Сосновый бор» шипажайларында демалуына жолдамамен көмектессек, сондай-ақ, басқарма әкімшілігі мен басқарма кәсіподақ комитетінің біріккен шешіміне сәйкес ұжымда өтетін ұлттық және кәсіби мерекелерге орай өтетін шараларға үнемі араласып, ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына атсалысып, бюджетке сай қаражат бөліп отырамыз. Басқарма кәсіподақ комитетінің қаржысы есебінен жыл сайын жатақханалардағы спорт бөлмелері мен жатақхана аймағындағы спорт алаңдарына қажетті спорт құрал-жабдықтары алы-

нып беріліп, спорттық шараларды да үнемі ұйымдастырып, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі республикалық қоғамдық үздік ұйым, кәсіпорын, үздік бригада, учаскок, цех, лаборатория номинациялары бойынша да жеңімпаздарды, қоғамдық жұмыс белсенділерін де қолдап отырады. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

– Жұмысшылардан арыз-шағым түсе ме, болған жағдайда олардың мазмұны қандай және онда көтерілген мәселелер шешімін тапты ма?

– Өткен жылы басқарма кәсіподақ комитетіне жұмысшы-қызметкерлер мен басқарма зейнеткерлерінен барлығы 200-ден аса арыз түсіп, тіркелді. Олардың ішінде денсаулығына байланысты емделу бағытында дәрі-дәрмек алуға және отбасы жағдайларына байланысты бір жолғы материалдық көмек сұраған 127, емдеу-сауықтыру орындарына, санаторияларға жолдама сұраған 81, санаторияларға өз қаражатының есебінен барып емделіп, демалып қайтқан қызметкерлердің қаражат шығынына өтемақы жасау жөнінде 7, еңбек ұжымынан 2 арыз бар. Міне, осы арыздардан материалдық көмек сұраған арыздың 112-і қанағаттандырылып, кәсіподақ комитетінің бюджетінің мүмкіндігіне қарай қаражат берілді. Басқарма әкімшілігімен бірлесе отырып 2016 жылдың сәуір, мамыр айларында жазғытұрғы еріген қар суынан, бірнеше күн қатарынан нөсерлетіп жауған жаңбырдан тұрғын үйлері зардап шегіп қиындық көрген үш мұнайшы отбасына қаржылай көмек көрсетілді. Кәсіподақ ұйымы қоғамдық негіздегі ұйым. Алайда, жұмысшы-қызметкерлер оған қарап жатпайды. Кейде кәсіподақтың қолынан келмейтін мәселелер жөнінде өтініш жасап келіп жататындары бар. Мысалы, «үйде өзімнен басқа табыс табатын ешкім жоқ, балам жұмыссыз, жұмысқа алуға ықпал жаса», болмаса «үйім апаттық жағдайда, үймен көмектесіңіз», «ақша қаражатымен көмектесіңіз» деген сияқты шешілуі күрделі мәселелер кездеседі. Қолымыздан келгенше арыз

іесіне түсіндіреміз, басқарма әкімшілігі алдына хатпен шығып, мәселе қоямыз. Міне, осындай біздің қолымыздан келмейтін өтініштер тұрғысында өкпе-реніш мүлде болмайды деп айта алмаймыз. Көпшілік болған соң әркімнің түсінігі әртүрлі. Айталық, разряд беру мәселесі басқарма жанында арнайы құрылған біліктілік-тарифтік разряд беру комиссиясында шешіледі. Қорыта айтқанда, кәсіподақ комитеті өз жұмысын нарықтық экономика жағдайында қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын, еңбек заңдылықтарының сақталуын, заңды мүдделердің жүзеге асуына үнемі бақылауда, басты назарда ұстайтын болады және басқарма мұнайшылары ұйымшылдық пен бірліктің нәтижесінде алға қарай да үлкен жетістіктерге жете береді деп сеніммен айта аламыз.

ӨМІРДЕРЕК

Қабделов Самат Қабделұлы 1953 жылы Махамбет ауданының Таңдай селосында дүниеге келген. Мамандығы инженер-гидротехник. 1985 жылдан бастап ауданның атқарушы органдарында, Махамбет, Исатай аудандық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, Исатай ауданы әкімінің орынбасары болып қызметтер атқарған. 1994 жылдан бастап «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нде әкімшілік-шаруашылық, әлеуметтік даму бөлімдерінің бастығы болып жұмыс жасады. 2004 жылдан «Жайықмұнайгаз» басқармасы кәсіподақ комитетінің төрағасы. «Қазақстан Республикасы мұнайгаз кешені қызметкерлері кәсіподағы» Орталық Кеңесінің – «Қазмұнайкәсіподақ» Құрмет белгісі медалімен, Қазақстан мәслихат депутаттарының 20 жылдығы мерекелік медалі, ҚР Энергетика министрлігінің Алғас хаты, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекелік медалімен марапатталған. «Нұр Отан» партиясының мүшесі.



БИЗНЕС-ҮДЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ

2017 жылдың қыркүйек айынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Келешек даму департаменті тағы бір жаңа бағытта жұмыс бастаған болатын, ол – Бизнес-үдерістерді басқарудың біріктірілген жүйесін (ИСУ) жетілдіру және оңтайландыру. Департамент

мамандары басқару аппараты ұжымына жүргізілген жұмыстар бойынша тұсаукесер өткізді. Еске сала кетсек, ИСУ халықаралық стандарттарын енгізудің негізгі мақсаты – бизнес-үдерістер сапасын және өндірілетін өнім сапасын энерготімділікті арттыру (ISO 50001), қоршаған ортаны қорғауды жақсарту (ISO 14001), қауіпсіздікті, еңбек қорғау мен қызметкерлер денсаулығын үнемі жақсартып отыру (OHSAS 18001) есебінен жүргізу. Жүргізілген жұмыстар барысында ішкі нормативтік құжаттарды (ІНК) ревизиялау және тексеру жүргізілді, соның ішінде

өндірістік құрылымдық бөлімшелерде де және ішкі нормативтік құжаттарды үдеріс иелерімен актуализациялау туралы бұйрық шықты. Үдеріс иелері дегеніміз орталық басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі әрбір департамент/қызмет басшылары мен мамандары. ИСУ ішкі аудитін жүргізген кезде құрылымдық бөлімшелерде бір-бірін қайталайтын процедуралар көп екені айқындалды.

Біріктірілген басқару жүйесін жетілдірудің заңды жалғасы – Қоғамның ағымдағы бизнес-үдерістерін оңтайландыру болып табылады. Бизнес-үдерістерді «қызметкерлердің жадында» сақтау қызметкер ауырып қалған немесе жұмыстан шығып кеткен жағдайда өндірістік үдерісті жүргізуге қиындық тудырады. Ондай болмас үшін, барлық

бизнес-үдерістер үдеріс иелерімен жазылып отыру, түсінікті, нақты болу және оңтайландырылуы тиіс.

Алда компанияны тиімді басқаруды жетілдіру бойынша үлкен жұмыстар жүргізу қажет. Ең бастысы, оны компанияны жетілдіру Стратегиясының мақсат-міндеттерімен біріктіру арқылы қолданыстағы ұйымдастырушылық құрылымға жүргізілуі тиіс. Тек осы жағдайда барлық басқару, негізгі және қосалқы бизнес-үдерістерді үйлесімді құруға болады. Тұсаукесер барысында ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков атқарылған жұмысқа оң баға беріп, өзара қарым-қатынас жұмыстарын басқару аппараты департаменті мен құрылымдық бөлімшелер арасында реттеуді тапсырды.

ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

«ӘР АДАМ – ӨЗ ӨМІРІНІҢ АВТОРЫ»

ӘНУАР ТАЛДЫБАЕВ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Жас жігіт Әнуар Талдыбаев Маңғыстауға 23 жасында келді. Ол кезде қазір өзі басшылық етіп отырған Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасы жоқ еді. Бар болғаны өндірісті автоматтандыру цехы болатын. Әнуар осы цехқа жөндеуші болып орналасады. «Маңғыстауға қалай келдіңіз?» деген сұрағымызға Әнуар Талдыбаев «Зайыбымның мамандығы мұнайшы болған соң, ал біз автоматика саласы барлық жерде қолданылатын болғандықтан, сол кісінің шашбауын көтеремін деп, Маңғыстаудан бір шықтық», – деп күледі. Мақала кейіпкері 1958 жылы қазақтың ақиық ақыны Мұқағалидың туған аулы Қарасазда дүниеге келсе де, саналы ғұмырын Маңғыстауда өткізіп келеді. «Әр адам – өз өмірінің авторы» емес пе?! Кейіпкерімізді ғибратты ғұмыр иесі деп айта аламыз.

ӨТКЕН ӨМІРГЕ ШЕГІНІС

«Ол кезде жоғарғы білім алған қаракөз автоматика мамандары бірен-саран болатын. Тіпті саусақпен санап аларлықтай үшеу едік. Олар Нұрлан Шиланов, Өнербек Алшынбаев және мен. Цехтың 95 пайызы орыс, украин, кавказдықтардан тұрды. Өнербек Алшынбаев менің тәлімгерім болды. Үйретуден, түсіндіруден еш жалықпады. Уақыт өте келе өндіріс қажеттілігіне байланысты Өзен үйлестіру басқармасы бой көтерді. Мен осы басқармада инженер, аға инженер, шебер, цех орынбасары, цех бастығы, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары, бас инженер, 2007 жылдан бері АЖТБ директоры болып қызмет атқарып жатқан жайым бар. Өткен өміріме көз жүгіртіп отырсам біраз мамандар тәрбиелегенімді көріп, көңілім марқайып



қалады. Санамалап айтатын болсам, Нұрадин Сәрсенбаев, Қазақбай Қарабалаев, Мақсат Зайыров, Асан Майбасов, Мақсат Мыңжасов, Жамбыл Бекниязов, Сағат Қалпаков, Қайырбек Демегенов, Мақсат Есенов, Таңат Рахметов, Бақытжан Қыдырбаев, Болатбек Бажинов және т.б. Барлық кезде, қолымнан келгенше барынша қаракөз бауырларыма қолдау көрсеттім», – дейді Әнуар Талдыбаев.

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ

Алла Тағала оған жақсы жар берді, көздің ағы мен қарасындай етіп Қанат, Қайрат атты қос ұл берді. Бүгінде береке мен бақ қонақтаған отбасында өмірінің жалғасы құлдырандаған немерелер өсіп келеді. Бұлардың үйлерінде бір рақат жайлылық бар. Қатты сөйлеу, дауыс көтеру деген болмайды, сірә!



ӘРІПТЕС ПІКІРІ

Әлеуметтік қамту бөлімінің бастығы Мақсат Мыңжасов мерейтой иесі туралы «Әнекең кейбір басшылардай қол астындағы жұмыскерлеріне тізе батырып, өктем сөйлеуден аулақ. Барынша жөн сөз айтып, кез келген адаммен ашық сөйлеседі. Олармен өзінің бай тәжірибесімен бөлісе отырып, кәсібін сүйеге, жасап жатқан ісінен ләззат алуға тәрбиелейді. Жұмысына қалай болса солай қарап, лекерлеп күн өткізіп жүрген адамдарға жаны қас», – дейді.



ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

«Адам уақытты мақсатсыз өткізбеуі керек. Кездейсоқ іске ұрынбай, тек көңілге алған ісімен айналысқаны жөн. Жақсы қызметкер болу-жақсы іс. Мақтаулы іс! Ал адал да ақжүрек азамат болып қалу-одан да асыл іс! Кресло әкеңнен қалған мұра емес! Ертең жұмыстан кеткен кезде де елге тура қарап, еңсегі көтеріп жүру үшін де арың таза болу керек. Ел үшін еңбек еткен азаматтарды сыйлау – біздің парызымыз.

ХОББИ

Табиғатпен тілдескенді ұнататын Әнуар бос уақытында саятшылыққа шығады. «Саятшылыққа шыққандағы мақсатым-жазықсыз аңды оңды-солды қыру емес. Саятшылықтың да өзіндік қызығы жетеді», – дейді мақала кейіпкері. Адам әрдайым қозғалыста болу керек деп есептейтін мұнайшы аға спорттан қол үзген емес.

ЕЛ АҒАСЫ

Бүкіл саналы ғұмырын халыққа қызмет етіп, елдің дамуына үлес қосып келе жатқан азаматты қалайша патриот демеске. Ол Отанды сүюдің, елді құрметтеудің озық үлгісін көрсетіп келе жатқан бірегей жан. Ата-анасы темірқазығына айналды. «Әке-шешенің қадірін-балалы болғанда білерсің» – демекші, бүгінде ақсақал жасына жетсе де ол 14 құрсақ көтеріп, 90 жасқа келіп өмірден озған анасын сағынышпен еске алады. Бәлкім, үйінің сүт кенжесі болғандықтан да шығар. Анасын еске алса, көңілі босап, жүрегі елжірейді.

АЖТБ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ:

Өндірісті автоматтандырудың мақсаты-еңбек өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, жо-спарлау, басқару жұмыстарын оңтайландыру,

өндірісте болатын ақаулар мен құрылғылардың істен шығуын алдын ала ескертуге мүмкіндік береді.

УАҚЫТ ТУРАЛЫ

«Садақ оғындай зымыраған уақытқа не дауа?! Уақыт тез-тез өтеді екен. Әне-міне дегенше, біз де алпыс деген жастың кең иығына мінгесіпшіз...» – дейді бүгінде алпысқа шығып, ақсақал атанып отырған Әнуар Талдыбаев. 16 басқарма директорларының арасындағы жасы үлкені өзі. №1 Мұнай-газ өндіру басқармасы директоры Бекболат Нұрлыбаев оның құрдасы. Бірақ ай жағынан кішілігі бар. Олар сыйластығы жарасқан әріптестер.

Жақсы адам басқарып отырған АЖТБ-сының компания дамуында алатын рөлі зор. «Ел ағасы болмайды» деген сөз бар емес пе? Біз сөз етіп отырған Әнуар Талдыбаев қазақ елінің жақсы адамы, ел ағасы.

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ТІЛЕК

Дана Әбіш «жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау, өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік» – дейді. Ендеше, бүгінде 60 жасқа толып, алпыс рет қар басқалы отырған компаниядан өз орнын ойып тұрып алған азамат Әнуар Талдыбаевты мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Деніне саулық, отбасына амандық, жұмысына табыс тілейміз. Әнекең өмірде мамандық таңдаудан жаңылмай, дүниенің кетігін тауып қаланған бақытты жан. Ерен еңбегінің арқасында маңдайы жарқырап, бағы ашылды. «Компаниямыздың өсіп-өркендеуі жолында бар күш-жігерін сарп етіп, абыройлы еңбек етіп жүрген өзіңіздей әріптесімізбен біз мақтанамыз. Алла Тағала өзіңізге ғұмыр берсін. Тіршілік сыйлаған бақыттың бал дәмін қосағыңызбен бірге татып, ортамызда аман-есен жүре беріңіздер» – деп тілек айтамыз.

ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚ ӘРІПТЕСІМІЗ «ЖЫЛ МҰНАЙШЫСЫ» АТАНДЫ

«Жыл адамы-2017» байқауына қатысқан әріптесіміз Бұрғылау жұмыстары басқармасындағы инженерлік-технологиялық қызмет орталығының басшысы Асылбек Айтмамбетов «Жыл мұнайшысы» номинациясын қанжығасына байлап, жүлдегер атанды.

«Ең бастысы ерінбей еңбек ете білу керек» – дейді мұнайшы азамат.

Асылбек Айтмамбетовты компанияға ортақ қуанышымен құттықтай отырып, деніне саулық, жұмысына табыс тілейміз.



Жүздерің жарқын болсын, азаматтар!

Қайғысы мен қуанышы қатар жарысқан бұл пәнидің пендеге ұсынар өз сынағы бар. Оның ең бастысы адам басына түскен ауыр қаза – жақын туысыңнан айырылу. Біздің отбасымыз да осындай ауыр кезеңді бастан кешті. Ұлымыз Мұрат мезгілсіз келген қазадан көз жұмды. Ол көп жыл «Өзенмұнайгазға» қарасты №3 МГӨБ-сында абыройлы еңбек етті. Өзіме және отбасыма қиын соққан осы қайғылы күндерде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы және ұлым жұмыс жасаған ұжым басшылары өздері бастап, тайлы-тұяғымен қалмай келіп, қайғыма ортақтасып, моральдық қолдау білдіруі – көңілімізге демеу болды.

«Адамның күні адаммен», – дейді дана халқымыз. Бойларында адамгершілік, кісілік қасиеттері мол мұнайшы азаматтарға өзімнің және отбасымның атынан рахмет айтуды парыз санадым. Ақжарқын, ақ пейілді көңілдеріңіз үшін Сіздерге рахмет. Жүздерің жарқын болсын, мұнайшы азаматтар!

Зақария
ИСАҒҰЛОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Жаңаөзен қаласының
құрметті азаматы.



ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ ЖАСТАРЫ САБЫР АДАЙМЕН КЕЗДЕСТІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен компания ұжымының Сабыр Адаймен кездесуі өтті. Кездесуде сөз алған бас директор Бекзат Абайылданов алтын уақытын бөліп келген

ақынға еңбек ұжымы атынан риясыз алғысын білдірді.

«Өзен тек мұнай өндіретін қала емес, армен намыстың мекені. Мұнда тұратын әрбір адамның бойында қазаққа деген махаббат

бар. Біз әрбір өзендікті патриот деп танып, құрмет тұтамыз, сендерге бас иіп тағзым етеміз. Кездесу – деген қазаққа бұрыннан бар салт-дәстүр. Кездесу-бізді бауырмалдыққа тәрбиелейді. «Араласпаса, ағайын жат болады» – деген нақыл бар. Ата-бабамыз бізді ағайынға, көршіге, қазаққа, жалпы мұсылманға, тіпті төрт түлік малға, тіпті жайқалып өскен шөпке қиянат жасамай, адал болуды үйретті. Ендеше, тектіліктің уызына жарып өскен біздің әлсіз болуға қақымыз жоқ. Әрбір мұнайшы тапқан қаражатын ұл-қызының сапалы білім алу жолына жұмсауы керек. Әрбір қазақ сапалы болса, Қазақстан сапалы болады», – деді тебірене сөйлеген Сабыр Адай.

Рухани кеште жергілікті өнерпаздардың орындауында Адайдың жеті қайқысының әндері шырқалып, ақынның өлеңдері жатқа оқылды.

Компанияның бас директоры Бекзат Абайылданов еңбек ұжымының атынан ұлы ақынның иығына қонаққәде ретінде шапан жапты. Ақынмен қауышқан көрермен нәрлі де мәнді әңгімеге бір марқайып қалды.



ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДА ПРЕСС-ТУР ӨТКІЗІЛДІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, Жұртшылықпен байланыс департаментінің ұйымдастыруымен өлке журналистері қатысқан пресс-тур өтті. Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаровтың өзі БАҚ өкілдерін ертіп, Өзен кенорнының тыныс-тіршілігімен таныстырды. Ауқымды шара №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының салынып жатқан 350 орындық әкімшілік-тұрмыстық кешен құрылысымен танысудан басталды. Бұдан соң, олар ат басын МӨҚЖТКЖБ жаңа ғимаратына бұрып, озық технологиямен жабдықталған заманауи нысанды аралап шықты.

Сондай-ақ, БАҚ өкілдері Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалық цехында, өндірісте қолданатын жерасты жабдықтары – сораптық компрессорлық құбыр, штангалық тереңдік сорап және сораптық шыбықтарды жуатын заман талабына сай салынған ваннаның жай-күйінен хабардар болды.

Журналистермен кездесу барысында Мақсат Ибағаров «Біз ақпараттық қоғам заманында өмір сүрудеміз. Компанияның жеткен жетістігін жар салып насихаттап жүрген Сіздерге компания басшылығы атынан зор ризашылығымызды білдіремін» – деді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ тынысымен танысқан БАҚ өкілдері де өз тараптарынан алғыстарын білдірді.



ҚАРАЖАНБАС СПОРТШЫЛАРЫ ОБЛЫС БІРІНШІЛІГІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ спорт нұсқаушысы Талап Барболов пен «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС слесарі Бекзат Шадкам үстел теннисінен Маңғыстау облысы біріншілігінде жұптық ойында бірінші орынға ие болды. Жалпы командалық есепте екінші орынға тұрақтаған олар алда республикалық сында бақ сынады.

Әріптестеріміз 9-10 қаңтар күндері Ақтау қаласында өткенде сында барлық қарсыластарынан басым түсіп, енді ақпан айында Қарағандыда өтетін республика чемпионатына қатысады.

Үстел теннисі шеберлерінің сайысында топ жарған әріптестерімізді құттықтаймыз!



ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ! Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты:

report@seehearspeakup.co.uk

или на сайте:

www.seehearspeakup.co.uk

также позвонив на следующие телефонные номера:

8 800 333 3574 (RU)

8 800 333 4233 (KZ)

8 800 333 4244 (ENG)

звонок бесплатный

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй, 11 қабат, 1102 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:
Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz
Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz
Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmgep.kz
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz
Қосұйым Мұқашев – K.Mukashiev@emg.kmgep.kz
Алтынгүл Әлішерова – AAlisherova@kgm.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93
Эл.почта: munailymeken@kmgep.kz
Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана
МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79
«Ақжар-АБК» ЖШС
Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30